

**«Мемлекеттік және жергілікті басқару» БББ түлегінің моделі.
Оқу нәтижесінде түлек:**

	6B04105 – Мемлекеттік	7M04105- Мемлекеттік және жергілікті басқару
Білу:	<p>-экономикалық агенттердің мінез-құлқын, кәсіби қызмет саласындағы объектілердің даму тенденцияларын әр түрлі жағынан (өндірістік, мотивациялық, институционалдық және т. б.) сыни тұрғыдан бағалау;</p> <p>- тиімді экономикалық шешімдердің нұсқаларын әзірлеу және бағалау;</p> <p>- түрлі көздерден ақпарат жинауды жүзеге асыру, аналитикалық және коммуникативтік дағдыларды іске асыру арқылы алынған бастапқы ақпаратты өңдеу;</p> <p>- кәсіби қызметте ақпараттық технологияларды қолдану және пайдалану, заманауи аспаптық құралдарды пайдалана отырып бағдарламалау дағдыларын меңгеру;</p>	<p>- эмпирикалық деректерді талдау және оларды басқару тәжірибесінде қолдану, алынған жаңа білімді жүйелеу;</p> <p>- технологиялық жүйелерді математикалық модельдеу мен талдаудың заманауи әдістерін пайдалана отырып, ғылыми зерттеулерді өз бетінше ұйымдастыру және жүргізу;</p>
Білу және түсіну:	<p>- мемлекеттік басқару жүйесінің аспектілері, оның қалыптасу факторлары, эволюциясы және қазіргі жағдайда жұмыс істеу ерекшеліктері;</p> <p>- аграрлық экономика мен бизнесті трансформациялау және цифрландыру жағдайындағы басқару қағидаттары;</p>	<p>- экономикалық дамуды мемлекеттік басқару мәселелері бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындау кезіндегі әдістер мен мамандандырылған құралдар</p> <p>- қазіргі заманғы бизнесті дамытудың негізгі үрдістері;</p> <p>- кәсіпорын деңгейіндегі басқару қызметінің барлық функционалдық бағыттарының іргелі негіздері;</p> <p>-әлемдік бизнес-серіктестіктің экономикалық, саяси, құқықтық, мәдени және технологиялық ортасының қазіргі жағдайы.</p>

<p style="writing-mode: vertical-rl; transform: rotate(180deg);">Құзыретті болу:</p>	<p>- экономиканың базалық біліміне сәйкес ақпаратты талдау мен қабылдауда; қызметтің түрлі салаларында экономикалық білімнің негіздерін пайдалануда; алған білімдерін ситуациялық және практикалық міндеттерді шешу үшін қолдануда, нормативтік-құқықтық актілерді, теориялық ережелер мен құқық нормаларын практикалық қызметте қолдануда.</p> <p>- экономиканың базалық біліміне сәйкес ақпаратты талдау мен қабылдауға; қызметтің әртүрлі салаларында экономикалық білімнің негіздерін пайдалануға; алған білімдерін ситуациялық және практикалық міндеттерді шешуде қолдануға қабілетті.</p> <p>- Қазақстанның аграрлық секторын басқару мәселелерінде, бизнес жоспарлауды құрастыру мен іске асыруда, өңірлік деңгейде стратегиялық жоспарлауды негіздеуде, өңірлерде агробизнесі және өндірісті ұйымдастыру мәселелерінде құзыреттерді меңгеру.</p>	<p>- ғылыми зерттеулер әдіснамасы саласында;</p> <p>- барлық салалардағы инновациялық техникалық және технологиялық өндірістер мәселелерінде;</p> <p>- білім беру ұйымдарындағы ғылыми және ғылыми-педагогикалық қызмет саласында;</p> <p>- кәсіби салада ғылыми жобалар мен зерттеулерді орындауда.</p>
---	---	--